А. Абдуллин — PhD докторант, преподаватель Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: aidana_gkz@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4690-5441>;

Н. Жаникулов — PhD, ассоциированный профессор Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,

E-mail: nurgali.zhanikulov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0750-9753>;

А. Байлен — магистр, преподаватель кафедры «Неорганической и технической химии»

Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,
E-mail: aida_bailen@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-9024-0065>;

А. Свидерский — доктор химических наук, профессор, проректор по науке и стратегическому развитию Жезказганского университета имени О.А. Байконурова, Жезказган, Казахстан,
E-mail: katsostud@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7277-5882>;

М. Кайырбаева — магистр, старший преподаватель Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,
E-mail: m_kaiyrbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1964-9582>.

Аннотация. Производство цинк-фосфатного цемента для стоматологии является актуальной задачей для нашей страны, поскольку в Казахстане не производится ни один вид стоматологического цемента, и все необходимые материалы импортируются из-за рубежа. В научной статье представлены результаты термодинамических расчетов реакций, протекающих в процессе фриттообразования цинк фосфатного цемента. Термодинамические расчеты проводились с использованием программного пакета «HSC Chemistry 6». В результате проведенных исследований установлено, что фритта цинк фосфатного цемента способствует интенсификации минерализации. *Результаты.* В частности, установлено, что минералы фритты могут образовываться в интервале температур 1000-1100 °C со значениями энергии Гиббса ΔG -8,321 и -109,3 ккал соответственно. При введении 1,5 % фосфорного шлака на состав шихты оказывают влияние добавки CaO, SiO₂, Al₂O₃, MgO, F, CaF₂, что способствует термодинамически эффективному протеканию реакций. В зависимости от энергии Гиббса показано образование основных минералов фритты в реакционной группе (I) и (II) при температурах 1000-1100 °C: ZnO – 60 %, MgO – 8 %, Zn₂SiO₄ – 18 %, Mg₂SiO₄ – 6 %, ZnAl₂O₄ – 2 %, CaF₂ – 0,5 %, Ca₃SiO₅ – 2,0 % и Bi-Si-Ca (стеклофаза) – 3,5 %. В результате доказано, что реакции образования минеральных фаз ZnO, MgO, Zn₂SiO₄, Mg₂SiO₄, ZnAl₂O₄, CaF₂, Ca₃SiO₅ с отрицательными значениями ΔG для получения цинк фосфатной цементной фритты имеют высокую термодинамическую вероятность. Полученные научные результаты позволяют определить концентрацию минеральной фазы, образующейся при обжиге фритты цинк-фосфатного цемента, установить оптимальную температуру обжига и обеспечить получение цинк-фосфатного цемента с эффективным составом.

Ключевые слова: цинк фосфатный цемент, композиционный материал, обжиг, термодинамические расчеты, фосфорный шлак, фритт

Исследование выполнено при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (ИРН AP22683868 – «Разработка и исследование состава цинк-фосфатных композиционных цементов для стоматологических нужд Казахстана»).

Кіріспе. Мырыш фосфатты цемент – мырыш оксиді (ZnO) мен ортофосфор қышқылы (H₃PO₄) арасындағы қышқыл-негіз реакциясы нәтижесінде алынатын бейорганикалық тұтастырғыш зат (Hoffmann's, 2023). Бұл композициялық материал жоғары адгезияға, биоүйлесімділікке және коррозияға төзімділік

сияқты бірегей қасиеттеріне байланысты стоматологияда және басқа салаларда кеңінен қолданылады (Leung, et al., 2022). Мырыш фосфатты цемент ұнтағының құрамына ZnO , SiO_2 , MgO , Bi_2O_3 оксидтер мен басқада қоспаларды ендіріп, шихтаны 1000-1300 °C температурада 4-8 сағат бойы жоғары температурада термиялық өңдеуден жентектелгеннен кейін ұнтақтап алады (Park, et al., 1998). Термиялық өңдеуден кейін шихта бөлшектердің өлшемі 2-8 мкм болатын етіп өте жұқа деңгейде ұнтақталады және біртектілікті қамтамасыз ету үшін №008 електен, қалдығы 0,5 % болғанша електен өткізеді (Abdullin, et al., 2025). Мырыш фосфат цементтің қасиеттерін оңтайландыру және оның өнімділігін арттыру үшін шихтаның жентектелу процестерін терең түсіну қажет. Термодинамикалық есептеулер жүйенің фазалық құрамын, реакцияларды және параметрлерді әр түрлі температурада болжауға мүмкіндік береді, бұл мырыш фосфатты цемент фритінің тиімді түзілуіне ықпал етеді (Viani, et al., 2016).

Фриттинг – бұл мырыш фосфатты цемент ұнтағының біртекті фазасын алу үшін барлық массаны балқытпай қолданылатын бейорганикалық қосылыстардың термиялық жентектелу процесі (Абдурахманов, et al., 2016). Термодинамикалық процесті модельдеу әр түрлі температурада, әсіресе 800 – 1300 °C диапазонында энергетикалық тиімді реакция жолдары мен фазалық тепе-теңдікті анықтауға мүмкіндік береді (Sudarev, 2021). Соңғы жылдары мырыш фосфат цементті өндіруде жентектелу процестерін термодинамикалық модельдеу саласындағы зерттеулердің белсенді дамуы байқалуда. Бұл фазалық өзгерістерді талдау және алынатын фриттің құрамын оңтайландыру үшін HSC Chemistry, FactSage және Thermo-Calc сияқты бағдарламалық кешендерді пайдалануға ерекше назар аударуда (Roine, 2002).

Паулсон және басқалардың жұмысында фазалық диаграммаларды модельдеу және көп компонентті жүйелердегі фазалық тұрақтылықты бағалау үшін CALPHAD тәсілін қолдануды қарастырады. Авторлар болжамдардың дәлдігін жақсарту үшін термодинамикалық модельдердегі белгісіздікті ескерудің маңыздылығын атап көрсеткен (Paulson, et al., 2019).

Жұмыстың мақсаты – стоматологиялық мырыш фосфатты цемент шихта құрамына фосфор шлағын қосқанда орындалатын күрделі физика-химиялық процестердің жүруін термодинамикалық есептеу арқылы анықтау болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Термодинамикалық есептеулер «HSC Chemistry 6» бағдарламалық кешенін қолдана отырып жүргізілді. Есептеуде қолданылатын бағдарламалық пакет жоғары сапалы дерекқорларды әзірлеуге, жүргізуге және таратуға арналған еуропалық SGTE (Scientific Group Thermodata Europe, Стокгольм, Швеция) консорциумының идеологиясына негізделген. SGTE құрылымын Германия, Канада, Франция, Швеция, Ұлыбритания және АҚШ-тың мамандандырылған ғылыми орталықтары ұсынады. Бағдарламалық пакеттің мәліметтер базасында 22000 жеке заттар туралы ақпарат бар (Kolesnikov, et al., 2022).

Химиялық термодинамика – химиялық реакциялар және фазалық ауысулармен бірге жүретін энергияның әртүрлі формаларының өзара түрленуін зерттейтін химияның саласы.

Химиялық термодинамика әртүрлі термодинамикалық шамаларды есептеуге, процестердің бағыты, процеске әсер ететін факторлар, процестің тереңдігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Изобар-изотермиялық потенциал – Гиббс энергиясы тұрақты қысым мен температурада тепе-теңдік процесінің бағыты критерийі болып табылады ($\Delta G < 0$ кезінде реакция өнім түзуге бағытталған).

Энтальпияның басқа термодинамикалық функцияларын өзгерту термиялық реакция режимін бағалауға мүмкіндік береді. Жылу әсеріне байланысты реакциялар эндотермиялық (жылу сіңірумен) және экзотермиялық (жылу шығарумен) болуы мүмкін. Жылу әсерін бірнеше әдістермен анықтауға болады, олардың бірі түзілу жылуын анықтауға негізделген. Әдістің негізінде Гесс Заңы жатыр:

$$\Delta H = \sum n \cdot \Delta H_{np}^{обp} - \sum n \cdot \Delta H_{исx}^{обp}$$

мұнда, n – стехиометриялық коэффициент;

$\sum \Delta H_i$ – реакция өнімдерінің және бастапқы заттардың түзілу жылуларының қосындысы, Дж.

Кирхгофф теңдеуінің көмегімен реакцияның жылу әсерін кез-келген температурада, ΔH мәндерін біле отырып басқа температурада анықтауға болады, мәселен ΔH_{298} .

$$\Delta H_T = \Delta H_{298} + \int_{298}^T \Delta C_p \cdot dT$$

$$\Delta H_T = \Delta H_{298} + \Delta a \cdot (T_2 - 298) + \frac{\Delta b}{2} \cdot (T_2^2 - 298^2) + \frac{\Delta c}{3} \cdot (T_2^3 - 298^3) - \Delta c^{\downarrow} \cdot \left(\frac{1}{298} - \frac{1}{T_2} \right)$$

мұнда, ΔC_p - реакция өнімдері мен бастапқы заттардың жылу сыйымдылығының айырмашылығы.

Энтропияның өзгеруін төмендегі теңдеу арқылы анықтауға болады:

$$\Delta S_T = \Delta S_{298} + \int_{298}^T \frac{\Delta C_p}{T} \cdot dT$$

$$\Delta S_T = \Delta S_{298} + \Delta a \cdot \ln \frac{T_2}{298} + \Delta b \cdot (T_2 - 298) + \frac{\Delta c}{2} \cdot (T_2^2 - 298^2) - \Delta c^{\downarrow} \cdot \left(\frac{1}{298^2} - \frac{1}{T_2^2} \right)$$

мұнда, $\Delta S_{298} - T = 298$ және 0,1 МПа қысым кезінде, стандартты жағдайларда реакция кезінде энтропияның өзгеруі.

Гиббс энергиясы төмендегі теңдеу арқылы анықталады:

$$\Delta G_T^\circ = \Delta H_T^\circ - T \cdot \Delta S_T^\circ$$

Реакцияларға қатысатын заттардың түзілу жылуларының мәні және соңғысының нәтижесінде түзілу анықтамалықтардан таңдалады.

Реакцияның термодинамикалық параметрлері реакцияларға қатысатын заттардың термодинамикалық қасиеттерімен анықталады. Бұл қасиеттердің ішіндегі ең маңыздылары - ішкі энергия, энтальпия, энтропия, жылу сыйымдылығы, Гиббс энергиясы.

Тепе-теңдік константасы – олардың стехиометриялық коэффициенттері дәрежесіндегі өнімдердің парциалды қысымы көбейтіндісінің бастапқы заттардың парциалды қысымының көбейтіндісіне олардың стехиометриялық коэффициенттері дәрежесіне қатынасына тең.

Тепе-теңдік константасы – берілген температурада берілген химиялық реакция үшін тұрақты шама. Тепе теңдік константасы химиялық реакцияның изотерма тендеуімен анықталады:

$$\Delta G_T^\circ = -R \cdot T \cdot \ln K_p$$

Мұнда, R – тұрақты газ шамасы, 8,314 Дж/моль·Кельвин;

T – химиялық реакция температурасы К;

K_p – тепе-теңдік константасы.

Гиббс энергиясы мына тендеу арқылы есептеледі:

$$\Delta G_T^\circ = \Delta H_T^\circ - \Delta S_T^\circ \cdot T$$

Кез келген температурадағы реакциялардың тепе-теңдік константасын есептеу стандартты Гиббс энергиясының тендеуіне негізделген:


$$-\Delta G_T = R \cdot T \cdot \ln K_p \text{ сәйкесінше: } \ln K_p = -\frac{\Delta G}{RT},$$

Мұнда, R - әмбебап газ тұрақтысы, $R = 1,98$ кал/моль·К немесе 8,31 Дж/(К· моль);

Мырыш фосфатты цементтерді өндіру процесі шикізатты дайындаудан бастап, шихта фритті термиялық өңдеу, цемент ұнтағының түзілуі және цемент тасын қатайту секілді бірнеше кезеңдерді қамтиды (Романенко, et al., 2019). Термиялық өңдеу процесінде мырыш фосфатты цемент шихта фриттің фазалары жентектеледі. Цемент ұнтағын алғаннан кейін оны қатаю процесін жүргізу үшін ортофосфор қышқылының ерітіндісімен араластыру орындалады (Arun, et al., 2023).

Араластыру кезінде стоматологиялық цементінің қатаюу процесін қамтамасыз ететін маңызды химиялық реакциялар жүреді: мырыш оксиді (ZnO) $\rightarrow$ фосфор шлағын қосу (SiO_2 , CaO , Al_2O_3 , MgO , F , CaF_2) $\rightarrow$ шихтаны араластыру $\rightarrow$ 1000-1100 °C термиялық өңдеу $\rightarrow$ алынған фритті ұнтақтау $\rightarrow$ цемент ұнтағы + (H_3PO_4) ерітіндісі $\rightarrow$ цемент тасы.

Шикізат материал ретінде химиялық құрамы 99,99 % таза ZnO , SiO_2 , MgO және Bi_2O_3 оксидтері мен құрамында кремний (37,6 %), алюминий (4,49 %), кальций (42,4 %), магний (2,19 %) және т.б. оксидтері, сондай-ақ фтор (1,94 %) және кальций фториді (4,91 %) кездесетін фосфор шлағы алынды. Келтірілген шикізат материалдан төмендегідей шихта құрамын дайындау және күйдірудің физика-химиялық процесстерінің химиялық реакция теңдеуі төмендегідей ұсынылды:



Нақты шихта құрамы төмендегідей:

ZnO	– 83,0 %
MgO	– 9,0 %
SiO_2	– 3,5 %
Bi_2O_3	– 3,0 %
Фосфор шлағы (CaO , SiO_2 , Al_2O_3 , MgO , F , CaF_2)	– 1,5 %

Нәтижелер және талқылаулар. Термодинамикалық есептеу жүргізу үшін реакцияға қатысатын бастапқы заттардың 1000 және 1100 °C температурадағы термодинамикалық қасиеттері 1 кестеде көрсетілген.

1 – кесте. Реакцияға қатысатын бастапқы заттардың 1000 және 1100 °C температурадағы термодинамикалық қасиеттері

Бастапқы заттар	Температура, °C	ΔC_p , кал/моль·K	Энтальпия ΔH , ккал/моль	Энтропия ΔS , кал/моль·K	Гиббс энергиясы ΔG° , ккал/моль
ZnO	1000	12,94	-84,78	-25,62	-52,16
	1100	13,13	-84,66	-25,53	-49,60
MgO	1000	12,50	-145,56	-27,61	-110,40
	1100	12,62	-145,55	-27,61	-107,64
SiO_2	1000	17,17	-215,30	-40,85	-163,28
	1100	17,29	-215,10	-40,70	-159,21
Bi_2O_3	1000	48,27	-124,09	-53,97	-55,37
	1100	48,27	-121,85	-52,28	-50,05

Термодинамикалық есептеулер мырыш фосфатты цемент фриттінің негізгі минералдарының: ZnO , Zn_2SiO_4 , MgO , Mg_2SiO_4 және шихта құрамына ендірілген фосфор шлағы негізінде ZnAl_2O_4 , ZnF_2 , Ca_3SiO_5 минералдарының түзілу синтезін модельдеу жағдайында есептелді (Валынов, et al., 2023). Атап айтқанда, I топ – стандартты реакциялар (2-4) фритте түзілген минералдар және II топ – стандартты емес реакциялармен (5-7) түзілген минералдар ұсынылады:

ZnO (цинцит) минералы түзіледі (2)

$2\text{ZnO} + \text{SiO}_2 \rightarrow \text{Zn}_2\text{SiO}_4$ (3)

$2\text{MgO} + \text{SiO}_2 \rightarrow \text{Mg}_2\text{SiO}_4$ (4)

$\text{ZnO} + \text{Al}_2\text{O}_3 \rightarrow \text{ZnAl}_2\text{O}_4$ (5)

$\text{ZnO} + \text{CaF}_2 \rightarrow \text{ZnF}_2 + \text{CaO}$ (6)

$3\text{CaO} + \text{SiO}_2 + \text{CaF}_2 \rightarrow \text{Ca}_3\text{SiO}_5 + \text{CaF}_2$ (7)

Термодинамикалық параметрлерді есептеу нәтижелері 2 кестеде келтірілген.

2 – кесте. 1000 және 1100 °C температурадағы термодинамикалық есептеу нәтижелері

Реакция №	Температура, °C	Энтальпия ΔH , ккал	Энтропия ΔS , кал/К	$\Delta G_{\text{х.р.}}$, ккал	Log(K)
2	1000	-72.22	27.01	-106.61	-
2	1100	-70.91	28.00	-109.36	-
3	1000	-8.157	0.129	-8.321	1.428
3	1100	-7.898	0.324	-8.343	1.328
4	1000	-15.608	-0.775	-14.621	2.510
4	1100	-15.470	-0.671	-14.549	2.316
7	1000	-35.389	4.822	-41.528	7.129
7	1100	-34.825	5.248	-42.031	6.690

I топтың стандартты реакцияларын есептеу нәтижелеріне сүйене отырып, Гиббс энергиясының температураға тәуелдігі анықталды. 2 кестеде мырыш фосфатты цемент фриттің күйдіру кезінде түзілетін (2) цинцит (ZnO) минералы негізгі кристалдық фаза ретінде сақталады. ZnO минералы 1000-1100°C температура аралығында түзілетіндігін көруге болады. Бұл жағдайда реакцияның Гиббс энергиясы теріс диапазонда болды, тиісінше ΔG -106,6 ккал-дан -109,36 ккал шегіне жетіп, реакцияның толық жүру мүмкіндігін көрсетті.

Реакция (3) виллемиттің (Zn_2SiO_4) түзілуі $T=1000^\circ\text{C}$ кезінде ΔG -8,321 ккалға тең болды, бұл берілген жағдайда реакция жай жүретіндігін көрсетеді. Реакцияның температурасы $T=1100^\circ\text{C}$ жоғарлауымен (3) Гиббс энергиясының теріс мәні артып, ΔG мәні -8,321 ккал-дан -8,343 ккал шегіне дейін артты. Бұл Гиббс энергиясының теріс мәнінің артуы реакцияның температураның артуы әсерінен жылдамдай түскенін көрсетті.

Реакция (4) форстериттің (Mg_2SiO_4) пайда болуы $T=1000^\circ\text{C}$ кезінде ΔG -14,62 ккал тең болды. Реакцияның температурасы $T=1100^\circ\text{C}$ артуы ΔG мәнін -14,621 ккал-дан -14,549 ккал-ға дейін төмендегенін көрсетеді.

Сонымен қатар, II топтағы реакцияларды есептеу нәтижесінде ZnAl_2O_4 (ганит) минералының түзілуіне (5) бастапқы $T=1000^\circ\text{C}$ жеткіліксіз екендігін, температурнаның жоғарлауымен $T=1100^\circ\text{C}$ болған кезде ΔG мәні небәрі -0,008 ккал басталғаны анықталды (Serena, et al., 2006).

Жентектелу процесінде жүретін реакциялар (6) өнімнің сапасын және оның фазалық құрамын анықтайды. Мырыш фосфат цемент ұнтағының құрамына фосфор шлағының қосылуы жентектелу механизмдеріне және соңғы ұнтақ материалдың қасиеттеріне әсер етеді. F және CaF_2 шикізаттағы оксидтермен әрекеттесіп

ZnF_2 түзіледі. Фторидтер қоспаның балку температурасын төмендетеді, бұл жентектелу процесін жеңілдетеді және цементті күйдіру процесінде фазалардың түзілуін жақсартады. Фтор бастапқы материалдардың кристалдық торларының бұзылуына ықпал етеді, олардың белсенділігін арттырады. Фторидтер фтордың әсерінен жентектелудің химиялық реакциясын жеделдетеді және ZnF_2 ұшпа фторлы қосылыстар түзеді (Tamer, et al., 2018).

Фосфор шлагының құрамында CaO және SiO_2 болуы реакция (7) кальций-силикат фазаларының пайда болуына әкеледі. Бұл фазаларға Ca_3SiO_5 (үш кальций силикат) жатады, фторидтердің бұл реакцияларға әсері онша айқын емес, бірақ олардың болуы балку температурасының өзгеруіне және белгілі бір фазалардың пайда болуына әсер етеді. Реакция (7) үш кальций силикаттың (Ca_3SiO_5) түзілуі $T=1000^\circ\text{C}$ кезінде ΔG -41,52 ккалға тең болды, бұл берілген жағдайда реакцияның жүретіндігін көрсетеді. Реакцияның температурасы $T=1100^\circ\text{C}$ жоғарлауымен (7) Гиббс энергиясының теріс мәні артып, ΔG -41,52 ккал-дан -42,03 ккал шегіне дейін артты. Бұл Гиббс энергиясының теріс мәнінің артуы реакцияның температураның артуы әсерінен жылдамдай түсетіндігін дәлелдейді.

Термодинамикалық есептеу нәтижесінде «HSC Chemistry 6» бағдарламалық базасының негізінде мырыш фосфатты цемент фритт құрамында түзілген минералды фазаның саны 3 кестеде келтірілген.

3 – кесте. Термодинамикалық есептеу нәтижесінде фритт құрамында түзілген минералды фазаның саны

№	Фазаның атауы	Массалық үлесі (%)
1	ZnO (цинцит)	60
2	MgO (периклаз)	8
3	Zn_2SiO_4 (виллемит)	18
4	Mg_2SiO_4 (форстерит)	6
5	ZnAl_2O_4 (ганит)	2
6	Ca_3SiO_5 (үш кальцийлі силикат)	2
7	CaF_2 (флюорит)	0,5
8	Bi-Si-Ca (шыны фаза)	3,5

Кестеде келтірілгендей «HSC Chemistry 6» бағдарлама базасының көмегімен түзілген фазалардың саны толық 100 % құрады. Түзілетін минералдардың негізгі көрсеткіші 92 % дейін жетті, қосымша түзілетін фазалардың саны 4,5 % ал шыны фазаның мөлшері 3,5 % құрады.

Қорытындылай келе, термодинамикалық есептеудің нәтижесінде мырыш фосфатты цемент шихтасының құрамына 1,5 % фосфор шлагын ендіргенде жүретін күрделі физика-химиялық процестердің толық орындалатындығы есептелді. Химиялық реакцияға қатысатын бастапқы заттардың 1000 және 1100 $^\circ\text{C}$ температурада байланысқа түсетіндігі және реакция нәтижесінде түзілетін фазалардың мүмкін екендігі анықталды. Температура $T = 1000$ және 1100 $^\circ\text{C}$ кезінде фритт фазалары реакцияның Гиббс энергиясы теріс диапазонда болатындығы дәлелденді.

Қорытынды. Мырыш фосфатты цементтің фритт түзілу процесін термодинамикалық есептеу нәтижесінде келесідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Мырыш фосфатты цемент фриттінің термодинамикалық модельдеуі процестің 1000-1100 °C температурада тұрақты жүретіні анықталды.

2. ΔG теріс мәндері ZnO , MgO , Zn_2SiO_4 , Mg_2SiO_4 , $ZnAl_2O_4$, CaF_2 , Ca_3SiO_5 минералдарының фазалары түзілу реакцияларының жоғары термодинамикалық ықтималдығын көрсетеді.

3. Фосфор шлағын ендірген шихта құрамына CaO , SiO_2 , Al_2O_3 , MgO , F , CaF_2 қоспалары алынған материалдың құрылымына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, термодинамикалық тиімді реакциялардың жүруіне қатысады.

4. Гиббс энергиясына байланысты 1000-1100 °C температурада (I) және (II) реакция тобында фритт негізгі минералдарының түзілуі келесі қатарда ұсынылатыны анықталды: ZnO – 60 %, MgO – 8 %, Zn_2SiO_4 – 18 %, Mg_2SiO_4 – 6 %, $ZnAl_2O_4$ – 2 %, CaF_2 – 0,5 %, Ca_3SiO_5 – 2 % және $Bi-Si-Ca$ (шыны фаза) – 3,5 %.

Әдебиеттер

Абдуллин А., Жаникулов Н., Таймасов Б., Потапова Е., Алферова Я., Ксенофонов Д., Жакипбаев Б. (2025) Фосфор шлағын қосу арқылы композициялық мырыш фосфатты цементті алу. Композиттер туралы ғылым журналы, — 9(5), — 200. <https://doi.org/10.3390/jcs9050200>

Абдурахманов А.И., Құрбанов О.Р. (2016) Ортопедиялық стоматология. Материалдар мен технологиялар. GEOTAR-Media: Мәскеу, Ресей, — 2016. — 352 б.

Арун К. Кота, Джон В. Николсон, Саманта Э. Бут. (2023) Потенциалды сүйек байланысы үшін мырыш фосфатты цементті биологиялық бағалау қолданулары. Биомедициналар, — 11(2). — 250. <https://doi.org/10.3390/biomedicines11020250>

Гоффманның каталогы. Осы сілтеме бойынша. <https://hoffmann-dental.com/wp-content/uploads/2022/10/Hoffmann-Dental-Katalog-Englisch.pdf>, 01.04.2023 ж.

Колесников А., Федюк Р., Колесникова О., Жаникулов Н., Жакипбаев Б., Кураев Р., Ахметова Е., Шал А. (2022) Цемент клинкерін және мырыш экстракциясын алу үшін байыту қалдықтарын өңдеу. Материалдар, — 15, — 324. <https://doi.org/10.3390/ma15010324>

Леунг Г.К.-Х., Вонг А.В.-И., Чу С.-Х., Ю О.И. (2022) Стоматологиялық лютинг материалдарының жаңартуы. Стоматология журналы, — 10(11). — 208. <https://doi.org/10.3390/dj10110208>

Парк А.С., М.Р. Силсбий Б., Д.М. Рой Б. (1998) Өртүрлі ортофосфор қышқылы цементіндегі мырыш фосфатты цементтің түзілу реакциясы және нәтижесінде түзілетін сұйықтықтар. Цемент және бетон зерттеу, — 28, — 1, — 141-150. [https://doi.org/10.1016/S0008-8846\(97\)00223-8](https://doi.org/10.1016/S0008-8846(97)00223-8)

Паулсон Н.Х., Боклад Б.Ж. Отис Р.А., Лиу З., Стан М. (2019) Материалдарды жобалау үшін сандық белгісіздік термодинамикалық модельдеу. Акта Материалдары, — 174. — 9-15. <https://doi.org/10.1016/j.actamat.2019.05.017> (in English)

Роайн А. (2002) Windows жүйесіне арналған Outokumpu HSC Chemistry. Кең термохимиялық деректер базасы бар химиялық реакция және тепе-теңдік. Outokumpu Research ОУ: Порн, Финляндия, — 2002. — 268 б.

Романенко А.А., Щелокова Л.С., Бузов А.А. (2019) Мырыш фосфатты цементті ұнтақтау технологиясы және оның қасиеттері. Химия және химиялық технология жетістіктері, — 4, — 33, — 84-86.

Серена С., Де Ла Рубиа М.А., Кабалеро А.К., Кабалеро Ю.А. (2006) Bi_2O_3 - ZnO жүйесінің бай – Bi_2O_3 аймағын термодинамикалық зерттеу. Испанияның Керамика және Шыны Қоғамының хабаршысы, — 45, — 150-153. <http://hdl.handle.net/10261/4053>

Сударев Е.А. (2021) Мырыш фосфатты тіс цементін алу. 18.03.01 «Химиялық технология» бакалавриат бағдарламасының студенттеріне арналған «Қазіргі заманғы композициялық материалдар» курсы бойынша зертханалық тәжірибелік сабақтар мен студенттердің өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулықта. ТПУ баспасы: Томск, Ресей, — 2021. — 14 б.

Тамер М. Хамди, Сабри А. Эль-Корашы. (2018) Төмен тітіркендіргіш және микроаттылығы жоғары жаңа биоактивті мырыш фосфатты тіс цементі. Жер бетіндегі ғылым және нанотехнологияның электронды журналы, — 16, — 431-435. <https://doi.org/10.1380/ejsnt.2018.431>

Валынов А.С., Чиркова Н.В., Кравчук Е.В., Морозов А.Н., Деревнина Н.Г. (2023) Салыстырмалы талдау және мырыш фосфатты цементтерді жетілдіру перспективалары. Медицинаның қолданбалы ақпараттық аспектілері. Ғылыми-практикалық журнал, —2, — 26, — 53-58.

References

Abdullin A., Zhanikulov N., Taimasov B., Potapova E., Alfereva Y., Ksenofontov D., Zhakipbayev B. (2025) Obtaining Composite Zinc Phosphate Cement with the Addition of Phosphoric Slag. *Journal of Composites Science*, — 9 (5). — 200. <https://doi.org/10.3390/jcs9050200> (in English)

Abdurakhmanov A.I., Kurbanov O.R. (2016) *Ortopedicheskaya stomatologiya. Materialy i tekhnologii* [Orthopedic dentistry. Materials and technologies]. GEOTAR-Media: Moscow, Russia, — 2016. — 352 p. (in Russian)

Arun K. Kotha, John W. Nicholson, Samantha E. Booth. (2023) Biological Evaluation of zinc phosphate cement for potential bone contact Applications. *Biomedicines*, — 11(2). — 250 p. <https://doi.org/10.3390/biomedicines11020250> (in English)

Hoffmann's Katalog. On this link. <https://hoffmann-dental.com/wp-content/uploads/2022/10/Hoffmann-Dental-Katalog-Englisch.pdf>, 01.04.2023. (in English)

Kolesnikov A., Fediuk R., Kolesnikova O., Zhanikulov N., Zhakipbayev B., Kuraev R., Akhmetova E., Shal A. (2022) Processing of Waste from Enrichment with the Production of Cement Clinker and the Extraction of Zinc. *Materials*, — 15, — 324 p. <https://doi.org/10.3390/ma15010324> (in English)

Leung G.K-H., Wong A.W-Y., Chu C-H., Yu O.Y. (2022) Update on Dental Luting materials. *Dentistry journal*, — 10(11). — 208 p. <https://doi.org/10.3390/dj10110208> (in English)

Park A.C., M.R Silsbee B., D.M. Roy B. (1998) Setting reaction and resultant structure of zinc phosphate cement in various orthophosphoric acid cement – forming liquids. *Cement and concrete research*, — 28. — 1. — P. 141-150. [https://doi.org/10.1016/S0008-8846\(97\)00223-8](https://doi.org/10.1016/S0008-8846(97)00223-8) (in English)

Paulson N.H., Bocklund B.J., Otis R.A., Liu Z., Stan M. (2019) Quantified uncertainty thermodynamic modeling for materials design. *Acta Materialia*, — 174, — P. 9-15. <https://doi.org/10.1016/j.actamat.2019.05.017> (in English)

Roine A. (2002) Outokumpu HSC Chemistry for Windows. Chemical Reaction and Equilibrium Software with Extensive Thermochemical Database. Outokumpu Research OY: Pori, Finland, — 2002. — 268 p. (in English)

Romanenko A.A., Shchelokova L.S., Buzov A.A. (2019) Tekhnologiya pomola tsink-fosfatnogo tsementa i yego svoystva [Grinding technology of zinc phosphate cement and its properties]. *Advances in chemistry and chemical technology*, — 4, — 33, — P. 84-86. (in Russian)

Serena S., De La Rubia M.A., Caballero A.C., Caballero Y.A. (2006) Thermodynamic study of rich – Bi₂O₃ region of the Bi₂O₃-ZnO system. *Boletin de la sociedad Espanola de Ceramica y Vidrio*, — 45, — P. 150-153. <http://hdl.handle.net/10261/4053> (in English)

Sudarev E.A. (2021) Obtaining zinc phosphate dental cement. In *Methodological Instructions for Laboratory Practical Training and Independent Work of Students on the Course “Modern Composite Materials” for Students of the Bachelor’s Degree Program 18.03.01 Chemical Technology*. TPU Publishing House: Tomsk, Russia, — 2021. — 14 p. (in English)

Tamer M. Hamdy, Sabry A. El-Korashy. (2018) Novel Bioactive zinc phosphate dental cement with low irritation and enhanced microhardness. *e-Journal of surface science and nanotechnology*, — 16, — P. 431-435. <https://doi.org/10.1380/ejsnt.2018.431> (in English)

Valynov A.S., Chirkova N.V., Kravchuk E.V., Morozov A.N., Derevnina N.G. (2023) Sravnitel'nyy analiz i perspektivy sovershenstvovaniya tsink-fosfatnykh tsementov [Comparative analysis and prospects for improving zinc phosphate cements]. *Applied information aspects of medicine. Scientific and practical journal*, —2, — 26, — 53-58. (in Russian)

Viani A., Perez-Estebanez M., Pollastri S., Gualtieri A.F. (2016) In situ synchrotron powder diffraction study of the setting reaction kinetics of magnesium-potassium phosphate cements. *Cement Concrete Research*, — 79, — 344-352. <https://doi.org/10.1016/j.cemconres.2015.10.007> (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

13,5 п.л. Заказ 2.

*Национальная академия наук РК
050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*